- Құрылғыны электр желіге қосудың алдында оның кернеуі аспап қоректенуінің номиналды кернеуіне сәйкес келетінін тексеріңіз (бұйымның техникалық сипаттамасын немесе зауыттық кестешесін қараңыз).
- Аспаптың тұтынылатын қуатына арналған ұзартқышты пайдаланыңыз. Бұл талапты ұстанбау қысқа тұйықталуға немесе кабельдің тұтануына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Аспапты пайдаланған соң, сонымен қатар оны тазалау немесе жылжыту кезінде розеткадан ажыратыңыз. Электр бауды сымынан ұстамай, ашасынан құрғақ қолмен ұстап шығарыңыз.
- Электр қоректену бауын есіктен немесе жылу көздерінің қасында жүргізбеңіз. Электр бауы бұралмауын және бүгілмеуін, өткір заттарға, жиһаздың бұрыштары мен шеттеріне тимеуін байқаңыз.

STOP

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ: электр қоректену кабелін кездейсоқ зақымдасаңыз, кепілдік шарттарына сәйкес келмейтін ақауларға, сонымен

қатар электр тоғының соғуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Зақымданған электр бауы сервис-орталықта жылдам ауыстыруды талап етеді.

- Аспапты жұмсақ бетке орнатпаңыз, оны жұмыс кезінде жаппаңыз – бұл құрылғының қызуына және бұзылуына әкеліп соқтыруы мүмкін.
- Аспапты ашық ауада пайдалануға тыйым салынады – құрылғы корпусының ішіне ылғал немесе бөтен заттар тисе, қатты зақымдар болуы мүмкін.
- Аспапты тазалаудың алдында ол электр желіден ажыратылғанына және толық суығанына көз жеткізіңіз. Аспапты тазалау бойынша нұсқаулықтарды қатаң ұстаныңыз.
- Құралды істеп тұрған күйінде ұзақ уақытқа қараусыз қалдырмаңыз.

STOP

Аспап корпусын суға батыруға немесе су ағынына түсіруге ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибесі мен білімі жетіспейтін адамдардың (оның ішінде балалардың) қолдануына арналмаған, мұндай тұлғалар қадағаланып, олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлға осы аспапты қолдануға қатысты нұсқау жасалған жағдайлардан басқа. Балалардың аспаппен, оның жинақтаушыларымен, сонымен қатар зауыттық орамымен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалап отыру қажет. Құрылғыны тазалау және қызмет көрсетуді балалар ересектердің қарауынсыз жасамауы тиіс.
- Аспапты өздігіңізбен жөндеуге немесе құрылымына өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Қызмет көрсету және жөндеу бойынша барлық жұмыстарды авторландырылған сервис-орталық жасауы керек. Біліксіз жасалған жұмыс аспаптың бұзылуына, жарақат пен мүлік зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.

STOP

НАЗАР АУДАРҒЫҢЫЗ! Аспапты кез келген ақауы бар болғанда пайдалануға тыйым салынады.

Техникалық сипаттамалар

Үлгі	BC5204
Қуаты	500 Вт
Кернеуі	220–240 В, 50 Гц
Электр тоғымен зақымданудан қорғау	I дәреже
Корпус және контейнерлер материалы	пластик
Басқарудың түрі	сенсорлық
Индикациясы	жарықдиодты
Бағдарламалардың саны	8
Габаритті өлшемдері (ені × биіктігі × ұзындығы)	200 × 280 × 235 мм
Таза салмағы	2,6 кг
Электр шнурының ұзындығы	0,85 м

Жинақталу

Стерилизатор	1 дана
Қысқыштар	1 дана
Қақпағы бар керамикалық контейнер	1 дана
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана
Сервистік кітапша	1 дана

Өндіруші келесі өзгерістер туралы қосымша хабарландырусыз өз өнімдерін жетілдіру барысында дизайнға, жинақталуға, сонымен қатар бұйымның техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқылы. Техникалық сипаттамаларда ±10% қателікке жол беріледі.

Құрылғысы (A1 сурет, 3 бет)

1. Қақпағы
2. Керек-жарақтарға арналған контейнер
3. Тұғыр
4. Негізгі контейнер
5. Стерильдеуге және кептіруге арналған ыдыс
6. Қақпағы бар керамикалық контейнер
7. Құралдың негіздемесі
8. Жұмыс камерасы
9. Желдету тесігі
10. Қыздырғыш элемент
11. Басқару панелі
12. Электрқуатының шнуры
13. Қысқыштар

Басқару панелі (A2 сурет, 4 бет)

1.  индикаторы – кептіру және зарарсыздандыру бағдарламасы
2.  индикаторы – кептірмей стерильдеу бағдарламасы
3.  индикаторы – кептіру бағдарламасы

4.  индикаторы – сүт қыздыру бағдарламасы
5.  индикаторы – бұмен пісіру бағдарламасы
6.  индикаторы – су моншасында дайындау бағдарламасы
7.  индикаторы – балалар тағамын қыздыру бағдарламасы
8.  индикаторы – йогурт дайындау бағдарламасы
9.  индикаторы – стартты кейінге қалдыру
10. Дисплей
11. Минут мәні индикаторы
12. Сағат мәні индикаторы
13. Температура мәні индикаторы
14.  батырмасы – құралды ажырату/қосу батырмасы
15.  батырмасы – уақытын қою режиміне өтуді кейінге шегеру старты
16.  батырмасы – параметрдің мәнін азайту
17.  батырмасы – жұмыс режимін таңдау
18.  батырмасы – параметрдің мәнін арттыру

I. ПАЙДАЛАНА БАСТАУ АЛДЫНДА

Бұйым мен оның құрамдастарын қораптан абайлап шығарыңыз. Барлық орау материалдары мен жарнамалық жапсырмаларды алып тастаңыз.



Корпусағы ескертетін жапсырма, жапсырма-көрсеткіш (бар болса) және бұйымның сериялық нөмірі бар кестешені орнында міндетті түрде сақтаңыз!

Тасымалдау немесе төмен температураларда сақтаған соң аспапты қосар алдында кем дегенде 2 сағатқа бөлме температурасында ұстау керек.

Электр сымын толығымен тарқатыңыз. Құралдың корпусын ылғалды матамен сүртіңіз де құрғатыңыз. Шешілмелі бөлшектерді сабынды сумен жуыңыз, аспаптың барлық элементтерін электр желіге қосар алдында мұқият кептіріңіз.

Әзірлеудің алдында құралдың сыртқы және көзге көрінетін ішкі бөліктерінде зақым, жарық және басқа ақау жоқтығына көз жеткізіңіз. Бірінші рет қосқан кезде бөгде иіс пайда болуы мүмкін.

II. ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ**Аспап пен жұмыстағы жалпы әрекеттер**

Сүзгіленген суды пайдаланыңыз. Сүзгіленбеген суды пайдаланғанда қыздырғыш элементте және жұмыс камерасының қабырғаларында органикалық түзілімдер мен өңез пайда болуы мүмкін.

1. Құралды тегіс құрғақ көлденең бетке орнатыңыз. Орнату барысында қайнағанда шығатын будың тұсқағаздар, декоративті жабындылар, электрондық аспаптар мен

жоғары ылғалдылық пен температурдан зардап шегуі мүмкін басқа да заттарға тимегенін қадағалаңыз.

STOP Аспапты қақпақсыз пайдалануға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!! Жұмыс кезінде қақпақты ашпаңыз!

2. Құралды электр желіге қосыңыз. Дыбыстық сигнал естіледі, индикациясы бірнеше секундқа жанып, содан кейін сөнеді.
3. Құрылғыны қосу үшін  батырмасын басыңыз, дисплейде «-» көрсетіледі. Құрылғы күту режимінде.

i 5 минут бойы жұмыс істемеген жағдайда, аспап автоматты түрде өшеді және басқару панелінің индикациясы сөнеді.

4. Бағдарлама жұмысын үзу немесе бастауды кешіктіру үшін  батырмасын басыңыз, құрылғы күту режиміне ауысады.
5. Аспапты өшіру үшін  батырмасын қайтадан басыңыз, басқару панелінің барлық индикациясы сөнеді.
6. Аспапты толық салқындатыңыз, жұмыс камерасында қалып қойған суды сол жақ жиегімен абайлап ағызыңыз.

STOP Судың желдеткіш саңылауға түсуіне жол бермеңіз.

 Пайдаланып болған соң, жағымысз иістерді болдырмау үшін, арқашан пісіру камерасында қалып қойған суды төгіп тастаңыз.

7. Аспапты электр желісінен ажыратыңыз. Оны «Аспапты күту» тарауының ұсыныстарына сәйкес тазартыңыз.

Кептіру және зарарсыздандыру

1. Стерильдеуге немесе кептіруге арналған бөтелкелер мен керек-жарақтарды дайындаңыз.

STOP Бөтелкелерді немесе кез келген басқа заттарды стерилизаторға қояр алдында, оларды міндетті түрде тазалаңыз. Аспап ішіне лас заттарды қоймаңыз!

2. Жұмыс камерасына 75 мл тазартылған су құйыңыз (қыздыру элементінің үстіндегі белгісіне дейін).
3. Аспапты  схемасында көрсетілгендей етіп жинаңыз (5-бет, 1-тармақ). Бөтелкелер мен керек-жарақтарды ішіне салыңыз.

i Аспапты аксессуарларға арналған контейнерсіз пайдалануға болады.

 Бұдың дұрыс айналымын қамтамасыз ету үшін, олардың арасында жеткілікті бос орын болатындай етіп, заттарды контейнерлерге салыңыз.

4. Құралдың қақпағын жабыңыз.
5. Күту режимінде  батырмасын басу арқылы  бағдарламаны таңдаңыз, индикаторы жыпылықтайды, дисплейде әдепкі кептіру уақыты көрсетіледі.
6.  және  түймелері көмегімен кептіру уақытын 10 минуттық қадаммен 10-тен 90 минутқа дейінгі диапазонға орнатыңыз.

7. Түймелерді бірнеше секунд басып тұрмаңыз, таңдалған уақыт мәні бірнеше рет жыпылықтайды, содан кейін стерильдеу процесі басталады, дисплейде  индикаторы және белгіленген кептіру уақыты кезекпен көрсетіледі,  индикаторы жанып тұрады.
8. Стерильдеу процесі су толығымен қайнағаннан кейін аяқталады (шамамен 8 минуттан кейін), құрылғы кептіру кезеңіне өтеді және дисплей жұмыс уақытын минут сайын кері санайды.

i Стерильдеу уақыты пайдаланылған су мөлшеріне байланысты қысқа, сондай-ақ ұзақ жаққа қарай өзгеруі мүмкін. Егер жұмыс камерасындағы барлық су 15 минут ішінде қайнама, құрылғы автоматты түрде кептіру кезеңіне өтеді.

Кептіру уақытын бағдарламаның кез келген кезеңінде өзгертуге болады. Ол үшін  немесе  түймесін басыңыз, дисплейде ағымдағы уақыт мәні жыпылықтай бастайды және бағдарлама кідіріледі.  және  түймелерінің көмегімен жаңа уақытты орнатыңыз. Енгізілген өзгертулерді сақтау үшін, түймелерді бірнеше секунд басыңыз, параметрлер сақталады және аспап жұмысын жалғастырады.

Бағдарламаны өзгерту үшін  батырмасын басыңыз.

9. Бағдарламаның аяқталуы туралы 3 дыбыстық сигнал естіледі, аспап сақтау режиміне өтеді. Бұл режимде 72 сағат бойы құрылғы ыстық ауамен кептіруді әрбір 2 сағат сайын 10 минут бойы қосады. Дисплей сағатқа дейін кері санайды және  индикаторы жыпылықтайды.
10. Сақтау режимінде жұмыс аяқталғаннан кейін, аспап автоматты түрде өшеді.

Кептірмей стерильдеу

1. Стерильдеуге арналған бөтелкелер мен керек-жарақтарды дайындаңыз.

STOP Бөтелкелерді немесе кез келген басқа заттарды стерилизаторға қояр алдында, оларды міндетті түрде тазалаңыз. Аспап ішіне лас заттарды қоймаңыз!

2. Жұмыс камерасына 75 мл тазартылған су құйыңыз (қыздыру элементінің үстіндегі белгісіне дейін).
3. Аспапты  схемасында көрсетілгендей етіп жинаңыз (5-бет, 1-тармақ). Бөтелкелер мен керек-жарақтарды ішіне салыңыз.

i Аспапты аксессуарларға арналған контейнерсіз пайдалануға болады.

 Бұдың дұрыс айналымын қамтамасыз ету үшін, олардың арасында жеткілікті бос орын болатындай етіп, заттарды контейнерлерге салыңыз.

4. Құралдың қақпағын жабыңыз.
5. Күту режимінде  батырмасын басу арқылы  бағдарламаны таңдаңыз, индикаторы жыпылықтайды, дисплейде әдепкі стерильдеу уақыты көрсетіледі.
6.  және  түймелері көмегімен жұмыс уақытын 1 минуттық қадаммен 8-тен 15 минутқа дейінгі диапазонға орнатыңыз.
7. Түймелерді бірнеше секунд басып тұрмаңыз, таңдалған уақыт мәні бірнеше рет жыпылықтайды, содан кейін стерильдеу процесі басталады және дисплейде сайын кері санақ көрсетіледі,  индикаторы жанып тұрады.

- i** Стерильдеу уақытын бағдарламаның кез келген кезеңінде өзгертуге болады. Ол үшін немесе түймесін басыңыз, дисплейде ағымдағы уақыт мәні жыпылықтай бастайды және бағдарлама кідіріледі. және түймелерінің көмегімен жаңа уақытты орнатыңыз. Енгізілген өзгертулерді сақтау үшін, түймелерді бірнеше секунд баспаңыз, параметрлер сақталады және аспап жұмысын жалғастырады.

Бағдарламаны өзгерту үшін батырмасын басыңыз.

8. Стерильдеу процесі белгіленген уақыттың соңында аяқталады, 3 дыбыстық сигнал естіледі, құрылғы күту режиміне ауысады.

- i** Егер белгіленген уақытқа дейін жұмыс камерасындағы барлық су қайнап кетсе, стерильдеу процесі аяқталуы мүмкін.

Кептіру

- i** Аспапты кептіру бағдарламаны пайдаланған кезде, жұмыс камерасына су құюдың қажеті жоқ.

1. Кептіруге арналған бөтелкелер мен керек-жарақтарды дайындаңыз.
2. Аспапты **A3** схемасында көрсетілгендей етіп жинаңыз (5-бет, 1-тармақ). Бөтелкелер мен керек-жарақтарды ішіне салыңыз.

- i** Аспапты аксессуарларға арналған контейнерсіз пайдалануға болады.

3. Құралдың қақпағын жабыңыз.
4. Күту режимінде батырмасын басу арқылы бағдарламаны таңдаңыз, индикаторы жыпылықтайды, дисплейде әдепкі кептіру уақыты көрсетіледі.
5. және түймелері көмегімен кептіру уақытын 10 минуттық қадаммен 10-тен 90 минутқа дейінгі диапазонға орнатыңыз.
6. Түймелерді бірнеше секунд басып тұрмаңыз, таңдалған уақыт мәні бірнеше рет жыпылықтайды, содан кейін кептіруге процесі басталады және дисплейде сайын кері санақ көрсетіледі.

- i** Кептіру уақытын бағдарламаның кез келген кезеңінде өзгертуге болады. Ол үшін немесе түймесін басыңыз, дисплейде ағымдағы уақыт мәні жыпылықтай бастайды және бағдарлама кідіріледі. және түймелерінің көмегімен жаңа уақытты орнатыңыз. Енгізілген өзгертулерді сақтау үшін, түймелерді бірнеше секунд баспаңыз, параметрлер сақталады және аспап жұмысын жалғастырады.

Бағдарламаны өзгерту үшін батырмасын басыңыз.

7. Бағдарламаның аяқталуы туралы 3 дыбыстық сигнал естіледі, аспап сақтау режиміне өтеді. Бұл режимде 72 сағат бойы құрылғы ыстық ауамен кептіруді әрбір 2 сағат сайын 10 минут бойы қосады. Дисплей сағатқа дейін кері санайды және индикаторы жыпылықтайды.
8. Сақтау режимінде жұмыс аяқталғаннан кейін, аспап автоматты түрде өшеді.

Сүт қыздыру

1. Жұмыс камерасына 900 мл тазартылған су құйыңыз.
2. Аспапты **A3** схемасында көрсетілгендей етіп жинаңыз (5-бет, 4-тармақ). Ішінде бөтелке сүт салыңыз.
3. Құралдың қақпағын жабыңыз.
4. Күту режимінде батырмасын басу арқылы бағдарламаны таңдаңыз, индикаторы жыпылықтайды. Дисплейде әдепкі қыздыру температурасы (40°C) көрсетіледі.
5. және түймелері көмегімен қыздыру температурасын 1°C қадаммен 35-тен 90°C-ге дейінгі диапазонда орнатыңыз.
6. Түймелерді бірнеше секунд басып тұрмаңыз, таңдалған температурасы мәні бірнеше рет жыпылықтайды, содан кейін үздіксіз жанып тұрады. Қыздыру процесі басталады, индикаторы жанып тұрады.

- i** Бағдарламаны өзгерту үшін батырмасын екі рет басыңыз.

7. Аспап сүтті таңдалған температураға дейін қыздырады және оны 12 сағат (70°C-ге дейін қыздыру температурасында) немесе 3 сағат (70°C-ден жоғары қыздыру температурасында).

- i** 100 мл сүтті 40°C-ге дейін қыздырудың орташа уақыты 10–12 минутты құрайды. Сүттің бастапқы температурасына, бөтелкенің материалына және басқа жағдайларға байланысты уақыт азая, сондай-ақ көбею жағына өзгеруі мүмкін.

Мүздатылған сүтті қайта қыздыру қажет болған жағдайда, 70–75°C қыздыру температурасын пайдалану ұсынылады.

Балаға сүт беру алдында, білектің ішкі жағындағы температураны тексеріңіз.

8. Жұмыс аяқталғанда құрылғы күту режиміне ауысады.

Бумен пісіру

1. Жұмыс камерасына 350 мл тазартылған су құйыңыз.
2. Аспапты **A3** схемасында көрсетілгендей етіп жинаңыз (5-бет, 3-тармақ).
3. Алдын ала кесілген тағамды 1-1,5 см кесектерге бөліп, тұғырдағы негізгі контейнерге салыңыз.
4. Құралдың қақпағын жабыңыз.
5. Күту режимінде батырмасын басу арқылы бағдарламаны таңдаңыз, индикаторы жыпылықтайды. Дисплейде әдепкі пісіру уақыты көрсетіледі.
6. және түймелері көмегімен пісіру уақытын 1 минуттық қадаммен 10-тен 30 минутқа дейінгі диапазонға орнатыңыз.
7. Түймелерді бірнеше секунд басып тұрмаңыз, таңдалған уақыт мәні бірнеше рет жыпылықтайды, содан кейін үздіксіз жанып тұрады. Пісіру процесі басталады және дисплейде сайын кері санақ көрсетіледі, индикаторы жанып тұрады.

- i** Бағдарламаны өзгерту үшін батырмасын екі рет басыңыз.

8. Дайындау процесі белгіленген уақыттың соңында аяқталады, 3 дыбыстық сигнал естіледі, құрылғы күту режиміне ауысады.

Су моншасында дайындау

1. Жұмыс камерасына 900 мл тазартылған су құйыңыз.
2. Аспапты **A3** схемасында көрсетілгендей етіп жинаңыз (5-бет, 2-тармақ).
3. Ішіне тағам салынған керамикалық контейнерді салыңыз.
4. Құралдың қақпағын жабыңыз.
5. Күту режимінде  батырмасын басу арқылы  бағдарламаны таңдаңыз, индикаторы жыпылықтайды. Дисплейде әдепкі пісіру уақыты көрсетіледі.
6.  және  түймелері көмегімен пісіру уақытын 0,5 сағат қадаммен 0,5-тен 4 сағатқа дейінгі диапазонға орнатыңыз.
7. Түймелерді бірнеше секунд басып тұрмаңыз, таңдалған уақыт мәні бірнеше рет жыпылықтайды, содан кейін үздіксіз жанып тұрады. Пісіру процесі басталады және дисплейде сайын кері санақ көрсетіледі,  индикаторы жанып тұрады.

i Бағдарламаны өзгерту үшін  батырмасын екі рет басыңыз.

8. Дайындау процесі белгіленген уақыттың соңында аяқталады, 3 дыбыстық сигнал естіледі. Аспап қыздыру режиміне ауысады және дайын тағам температурасын 8 сағат бойы сақтайды, дисплей сағат бойынша кері санақ жүргізеді.
9. Жұмыс аяқталғанда құрылғы күту режиміне ауысады.

Балалар тағамын қыздыру

1. Жұмыс камерасына 900 мл тазартылған су құйыңыз.
2. Аспапты **A3** схемасында көрсетілгендей етіп жинаңыз (5-бет, 4-тармақ). Ішінде балалар тағамы бар сыйымдылықты салыңыз.
3. Құралдың қақпағын жабыңыз.
4. Күту режимінде  батырмасын басу арқылы  бағдарламаны таңдаңыз, индикаторы жыпылықтайды. Дисплейде әдепкі қыздыру температурасы (70°C) көрсетіледі.
5.  және  түймелері көмегімен қыздыру температурасын 1°C қадаммен 50-тен 90°C-ге дейінгі диапазонда орнатыңыз.
6. Түймелерді бірнеше секунд басып тұрмаңыз, таңдалған температурасы мәні бірнеше рет жыпылықтайды, содан кейін үздіксіз жанып тұрады. Қыздыру процесі басталады,  индикаторы жанып тұрады.

i Бағдарламаны өзгерту үшін  батырмасын екі рет басыңыз.

7. Аспап балалар тағамын таңдалған температураға дейін қыздырады және оны 12 сағат (70°C-ге дейін қыздыру температурасында) немесе 3 сағат (70°C-ден жоғары қыздыру температурасында).
8. Жұмыс аяқталғанда құрылғы күту режиміне ауысады.

Йогурт дайындау

1. Жұмыс камерасына 900 мл тазартылған су құйыңыз.

2. Аспапты **A3** схемасында көрсетілгендей етіп жинаңыз (5-бет, 2-тармақ).
3. Ішіне тағам салынған керамикалық контейнерді салыңыз.
4. Құралдың қақпағын жабыңыз.
5. Күту режимінде  батырмасын басу арқылы  бағдарламаны таңдаңыз, индикаторы жыпылықтайды. Дисплейде әдепкі пісіру уақыты көрсетіледі.
6.  және  түймелері көмегімен пісіру уақытын 1 сағат қадаммен 1-тен 12 сағатқа дейінгі диапазонға орнатыңыз.
7. Түймелерді бірнеше секунд басып тұрмаңыз, таңдалған уақыт мәні бірнеше рет жыпылықтайды, содан кейін үздіксіз жанып тұрады. Пісіру процесі басталады және дисплейде сайын кері санақ көрсетіледі,  индикаторы жанып тұрады.

i Бағдарламаны өзгерту үшін  батырмасын екі рет басыңыз.

8. Дайындау процесі белгіленген уақыттың соңында аяқталады, 3 дыбыстық сигнал естіледі. Құрылғы күту режиміне ауысады.

Стартты кейінге қалдыру

«Стартты кейінге қалдыру» функциясы қызметі аяқталғаннан кейін бағдарламасының орындалуы басталатын уақыт аралығын белгілеуге мүмкіндік береді.

1. Бағдарламаны таңдағаннан кейін  батырмасын басыңыз, стартты кейінге қалдыру уақытын және  индикаторы жыпылықтайды, таңдалған бағдарламаның индикаторы жанып тұрады.
2.  және  түймелері көмегімен стартты кейінге қалдыру уақытын 1 сағат қадаммен 1-тен 24 сағатқа дейінгі диапазонға орнатыңыз.
3. Панельдегі батырмаларды бірнеше секунд баспаңыз, өзгерістер автоматты түрде сақталады (дисплейдағы сандар жылтырлауды тоқтатады).
4. «Стартты кейінге қалдыру» функциясы жұмыс істеп тұрғанда, дисплей таңдалған бағдарламаның параметрлерін және оның басталуына дейін қалған уақытты кезекпен көрсетеді. Таңдалған бағдарламаның индикаторы жыпылықтайды,  индикаторы үнемі жанып тұрады.
5. Функция аяқталғаннан кейін таңдалған бағдарлама орындала бастайды.

III. АСПАП КҮТІМІ

Құралды тазалауға кіріспес бұрын, оның электржелісінен ажыратылғанына және суығанына көз жеткізіңіз. Құралды әр қолданған сайын тазартыңыз.

Құралдың тұрқын ылғалды жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, шешілмелі бөлшектерді сабынды сумен жуыңыз.

STOP

Құрал айыр және электр қуатының сымын судың ағысы астына қоюға немесе суға салуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.

Сондай-ақ тамақпен байланысатын заттар үшін қолдануға ұсынылмайтын химиялық агрессивті немесе кез келген басқа заттарды қолдануға болмайды.

Қақтан тазарту

Егер аспаптың ішкі қабырғаларында және қыздырғыш элементте өңез немесе қақ пайда болса, қақтан тазалауды жүргізі. Бұл үшін 150 мл бір шай қасық лимон қышқылын (15 г) араластырыңыз, алынған ерітіндіні жұмыс камерасына құйыңыз және \$\$\$ бағдарламасын пайдаланып, 3 минут қайнатыңыз, содан кейін аспапты өшіріңіз. 15 минуттан кейін ерітіндіні суды төгіп тастаңыз, жұмсақ талшықты щетка немесе жұмсақ құрғақ матамен қыздырғыш элемент мен бөліктердің қабырғаларынан қақты алып тастаңыз. Негіздемесін жұмсақ матамен құрғатып сүртіңіз.

Сақтау және тасымалдау

Сақтау және қайта пайдаланудың алдында құралдың барлық бөліктерін тазалап, түгел құрғатыңыз. Құралды құрғақ желденетін жерде жылыту аспаптарынан алыс және тікелей күн сәулелерден алыс сақтаңыз.

Тасымалдау және сақтау кезінде құралдың зақымдануына және/немесе ораманың бүтіндігіне әкелуі мүмкін құралды механикалық әсерлерге ұшыратуға тыйым салынады.

Құралдың орамасын су мен басқа да сұйықтықтардан сақтау қажет.

IV. СЕРВИС-ОРТАЛЫҚҚА ЖОЛЫҒАР АЛДЫНДА

Ақаулық	Мүмкін болатын себептері	Жою әдістері
Аспап жұмыс істемейді	Құрал электр желісіне қосылмаған	Құралды электр желісіне қосыңыз
	Электр розеткіде кернеу жоқ	Аспапты жұмыс іс тейтін электр розеткіге қосыңыз
Стерилизатордың ішіндегісі кептірілмейді	Контейнерлер лық толы	Заттарды стерилизаторға салған кезде, олардың арасында ауа айналымы үшін бос орын болуы керек
Құралдың жұмыс істеу барысында бөгде иіс пайда болды	Аспап жаңа, иіс қорғаныс жабындысынан шығады	Аспапты мұқият тазалаңыз. Иіс бірнеше қоспапардан соң кетеді



Егер қателікті дұрыстай алмасаңыз, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.



Кепілдіктен кейінгі жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді табуға болады сайтта қолжетімді <https://redmondsale.com>

V. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Осы бұйымға сатып алынған сәттен 12 ай мерзіміне кепілдік беріледі. Кепілдік кезеңі ішінде дайындаушы жөндеу, бөлшектерді ауыстыру немесе барлық бұйымды ауыстыру жолымен кез келген зауыттық ақауларды жоюға міндеттенеді. Кепілдік тек сатып алу күні

түпнұсқалық кепілдік талонында дүкен мөрімен және сатушы қолымен расталған жағдайда ғана күшіне енеді. Осы кепілдік тек бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес қолданылған, жөнделмеген, бұзылмаған және онымен дұрыс жұмыс істемеу нәтижесінде зақымданбаған, сонымен қатар бұйымның толық жинағы сақталған жағдайда танылады. Осы кепілдік бұйымның табиғи тозуына.

Бұйымның қызмет мерзімі мен кепілдік міндеттемелердің жарамдылық мерзімі өндірілген кезден бастап немесе бұйым жасалған кезден бастап есептеледі (егер сатылған күнін анықтау мүмкін болмаса).

Аспап өндірілген күнді бұйым корпусының сәйкестендіру жапсырмасындағы сериялық нөмірден табуға болады. Сериялық нөмір 13 белгіден тұрады. 4-ші және 5-ші белгілер айды, 6-шы және 7-ші – құрылғының шығарылған жылын білдіреді.

0	0	0	1	1	2	2	3	3	3	3	3	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

1 – өндірілген айы (01 – қаңтар, 02 – ақпан ... 12 – желтоқсан)

2 – өндірілген жылы (21 – 2021 ж., 22 – 2022 ж. ... 30 – 2030 ж.)

3 – үлгінің сериялық нөмірі

Өндіруші бекіткен аспаптың қызмет ету мерзімі бұйымның пайдаланылуы осы нұсқаулық пен қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес жүруі жағдайында сатып алынған күнінен 3 жылды құрайды.

Орамды, пайдаланушы нұсқаулығын, сонымен қатар аспаптың өзін қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті бағдарламаға сәйкес пайдаға асыру керек. Мұндай бұйымдарды әдеттегі тұрмыстық қоқыспен тастамаңыз.



Товар сертифицирован в соответствии с Федеральным законом «О техническом регулировании» и соответствует требованиям Технического регламента Таможенного союза ТР ТС 004/2011 «О безопасности низковольтного оборудования», Технического регламента Таможенного союза ТР ТС 020/2011 «Электромагнитная совместимость технических средств», Технического регламента Евразийского экономического союза «Об ограничении применения опасных веществ в изделиях электротехники и радиоэлектроники» ТР ЕАЭС 037/2016.

Изготовитель: «Чжухай ИнгЧжи Сервис кампани Лимитед», 51900, 100 Хуа Вей Роуд, Чيانь Шань, Сян Чжоу Дистрикт, Чжухай Сити, Китай.

Импортёр в России: ООО «ИЛОТ», 198099, г. Санкт-Петербург, ул. Промышленная, д. 38, к. 2, лит. А.

Importer (EU): SIA "SPILVA TRADING", Edoles iela 5, Riga, Latvia, LV1055.

© РЕДМОНД. Все права защищены. 2024

Воспроизведение, передача, распространение, перевод или другая переработка данного документа или любой его части без предварительного письменного разрешения правообладателя запрещены.

www.redmond.company
www.multivarka.pro
Made in China

BC5204-CIS-UM-1